


"Қазақстан халқына" ҚҚ  
Басқармасының 2024 жылғы  
"02" қазандағы хаттамасына  
№ 1 қосымша  
№37 хаттама



"Қазақстан халқына" ҚҚ  
Басқармасының 2024 жылғы  
"02" қазандағы шешімімен  
бекітілген  
№37 хаттама

### **"Қазақстан халқына" қоғамдық қорының "Қазақстан Халқынан" арнайы сыйлығы (марапаты) туралы ЕРЕЖЕ**

1. "Қазақстан халқына" қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) "Қазақстан Халқынан" арнайы сыйлығы (марапаты) туралы ережесі қайырымдылық үшін субъектілерге сыйақы беру (марапаттау) тәртібін реттейді.

2. "Қазақстан Халқынан" арнайы сыйлығының (марапатының) субъектілері:

- ерікті қайырымдылықтарды аударған қайырымдылық жасаушылар (донорлар);
- қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларын іске асырудағы серіктестер/қатысушылар;
- өзге де азаматтар, оның ішінде мемлекеттік органдардың, қоғамның, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қолдау және спорт ұйымдарының өкілдері.

3. Аталған субъектілерді марапаттау - олардың Қоғамға, Қазақстан Республикасының халқына сіңірген еңбегін мойындаудың белгісі болып табылады және номинацияның мынадай түрлеріне бөлінеді:

- «ерекше қайырымдылық қолдау»;
- «қайырымдылықтағы стратегиялық альянс»;
- «қайырымдылық мақсаттарға бейімділік»;
- «қайырымдылықтағы серіктестік»;
- «өңірдің игілігі үшін»;
- «білім беруді, денсаулық сақтауды, ғылымды, мәдениетті және спортты дамытуға тұрақты үлес»;
- «инклюзивті қоғамды дамыту»;
- «шабыттандыратын қайырымдылық жасаушы»;
- Қор Басқармасының шешіміне сәйкес номинацияның басқа түрлері.

4. Номинация түрлері Қор Басқармасының шешіміне сәйкес күнтізбелік жылы іске асырылатын қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларына байланысты өзгеруге жатады.

5. Номинациялар қашықты бұрандалары бар ультракүлгінмен басып шығарылған акрилден жасалған А3 форматындағы тақтайшалар және 3D нақыштағы және ЭКО бояулары бар естелік стелла түрінде жасалады.

6. Әр субъект бойынша сыйлықтар (марапаттар) беру үшін негіздемесі бар ұсынымдар келесі құрылымдық бөлімшелермен жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 05 қыркүйегіне дейін ұсынылады:

- Стратегиялық жоспарлау және донорлармен өзара іс-қимыл бөлімі;
- Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы;
- Білім, мәдениет және спорт саласындағы бағдарламалар мен жобаларды басқару орталығы.

7. Сыйлықты (марапатты) беру туралы шешімді Қор Басқармасы ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегіне дейін қабылдайды.

8. "Қазақстан Халқынан" арнайы сыйлығымен марапаттау рәсімі жыл сайын ұлттық қайырымдылық конференциясы аясында өтеді.

---

